

**ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫНЫҢ
ХАТТАМАСЫ**

№ 10

**Жезқазған қаласы
24.04.2023
сағат 11.00**

Облыстық қоғамдық кеңесі екі форматта өтті-оффлайн және ZOOM форматында өтті.

Жиынды ОҚК төрағаның м.а Бегенов Б.Ж. ашып жүргізіп отырды.

Оған облыстық қоғамдық кеңес мүшелері: Тұрлыбек А.М, Бекмағанбетов М.Е, Абжаппаров А. М, Ізтөлеуов Д.Д., Мукеева А.М., Жақсыбеков Д.Д, Токишова А.Ғ, Хамитов М.И, Маткенов М.К;

Белгілі себеппен қатыспаған; Ким А.С, Оспанов С.Ж,

Бегенов Б..Ж: Кеңес отырысын ашық деп жарияланды.

Бүгінгі отырыста 2 сұрақ:

Екі басқарманың есебін тыңдау:

1. **Мемлекеттік сатып алу – Азамат Қайырбекұлы Шаймерден, басқарма басшысының орынбасары, экономиканың Ставицкая Виктория Александровна.**

Шаймерден А- Аталған мекемеде 7 мемлекеттік қызметкер, 2 штаттан тыс жұмыскер қызмет атқарады. Мекемені ұстап тұруға 2023 жылғы бюджет көлемі **61 256 000** тг. 2022 жылы «Ұлытау облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесі облыс бойынша барлығы 4 млрд. 718 млн. 520 мың теңге сомасына 16 конкурс ұйымдастырды. 2023 жылдың басынан 27 млрд. 432 млн. 24 мың теңге сомасына 143 конкурс жарияланды, оның ішінде:

12 млрд. 788 млн. 620 мың теңге сомасына 67 конкурс бойынша өтінімдер қабылдануда. 15 млн. 519 мың теңге сомасына 2 конкурс бойынша өтінімдер қарастырылуда. 14 млн. 148 мың теңге сомасына 2 конкурс шағымдануда.

14 млрд. 613 млн. 737 мың теңге сомасына 72 конкурс аяқталды.

2023 жылдың соңына дейін 2 млрд. 209 млн. 626 мың теңге сомасына 48 конкурс жоспарланған.

Бегенов Б- толық баяндама алдарыңызда бар. Сұраққа көшейік.

Мукеева А- құркүйек айында Қабанбай батыр ықшам ауданында бірнеше бағандар ауыстырылған болатын. Жұмыс сапасыз болды, ақша менгерілген. Осыған қандай шара қолдануға болады?

Шаймерден А- бұл негізі қалалық деңгейдегі шаруа, конкурс сол төңіректе өтті. Біздің құзырымыздағы сұрақ емес. Оны арнайы құқыр органдарына шағымдану керек. Немесе барлық сұрақтарды тапсырыс берушіге арнайсыздар.

Тұрлыбек А- Негізі Заңға өзгерістер енгізу керек. Асфальт бетон жасайтын завод бар. Оның сапасы нашар, сертификаттар жоқ. Талаптар дұрыс қойылмайды. Сіздер тарапыңыздан байқауға қатыстырмауға қандай шара қолданасыздар.

Шаймерден А- біз тек қана ұйымдастырушымыз.

Бекмағанбетов М- Байқау өткенде демпинг деген болады. Қанша соммаға дейін компаниялар бағаны түсіре алады?

Шаймерден А- 20% дейін.

Бегенов Б- Азамат мырза, сіздің баяндамаңыз қабылданды, телефоныңызды ҚК мүшелеріне беріп, әрі қарай байланыста боласыздар. Келесі баындаманы тыңдайық.

Ставицкая В- Басқару аппараты 11 бірлік мемлекеттік қызметшілерден тұрады. Экономика басқармасы жалпы сомасы **422,1** млн. теңгеге 3 бюджеттік бағдарламаны іске асырады. ҚР Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына сәйкес облыстың, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің бюджеттерін әзірлеу үшін негіз болып табылатын облыстың 2023-2027 жылдарға арналған **әлеуметтік-экономикалық даму болжамы** әзірленді және бекітілді.

Облыстық мәслихат сессиясының шешімімен 3 бағытты, 95 индикаторды қамтитын Ұлытау облысының 2027 жылға дейінгі **даму жоспары** бекітілді, оның ішінде 18 стратегиялық көрсеткіштер картасының индикаторы және 77 Ұлттық жобалар бойынша.

Облыс әкімдігінің қаулысымен Ұлытау облысы **халқының табысын 2029 жылға дейін арттыру жөніндегі өңірлік жоспар** бекітілді, онда 4 бағыт бойынша 34 іс-шара бар. Басқарма "**Дипломмен ауылға**" бағдарламасының үйлестірушісі болып табылады.

Бегенов Б- Сұраққа көшейік.

Изтолеуов Д- «Дипломмен ауылға» бағдарламамен бізге қаладан бапкер келген. Соған көмек беріле ма?

Ставицкая В – ия, әрине. Оған 2500 МРП қосымша жәрдемақы берілу тиіс. Егер де бір қиындық туса, осы сұрақты мен қарастырып шешуге көмектесемін.

Ахмет А- Салынбаған нысандар, соның ішінде Теректі мектебі туралы не айтасыз?

Ставицкая В – Алдында атап өткендей Теректідегі мектепті Қарағанды облысы аяқтайды. Алдында шу болған логотипке байланысты қандай өзгерістер бар?

Тұрлыбек А- Жас мамандарды жұмысқа тарту үшін қандай жеңілдіктер бар? 4 млн қаражат ол аз ғой.

Ставицкая В – Шынымен де аз, бірақ ол біздің қолымызда емес, өкіметтен келетін қаражат. 4 млн пәтер алуға, одан бөлек малдың азығына ақша беріледі. Оның барлығы ауылдағы тұрғындарға.

Тұрлыбек А- СПК жағдайы қалай? Өте аз төлемдер түскен. Бизнесмендерден көп сұрақтар туындауда. Қазақмыспен меморандумға отырдыңыздар ма?

Ставицкая В – СПК біздің қарамағымда болғанның өзінде кәсіпкерлер палатасында. Төлемдердің аз түсуі, ол жарты жылға ғана есептелген. Меморандумға келсек ПСД жасалып жұмыстар жүргізілуде.

Ахмет А- Кеңгір селосында балабақша жоқ. Нысанды салуға қаражат бөлінді ма?

Ставицкая В- Жоспарда бар, ПСД жасалған.

Изтолеуов Д- Түгіскен ауылында мектеп салынады ма? \

Ставицкая В – балабақша салынса тек қана «Ауыл-ел бесігі» бағдарламасымен салынуы мүмкін болашақта. Ал кәзір бюджеттен тек қана Қабанбай батыр елді-

мекенінде салынады. Білім беру басқармасында арнайы жоспар құрылған. Соған байланысты жұмыс атқарады.

Бегенов Б- жақсы Виктория ханым. Сіздің де телефоныңызды ҚК мүшелеріне ереміз. Сұрақтар туындаса байланыста болатын.

Екінші сұраққа көшейік.

Ол қорытынды беру. Алып қосарларыңыз болмаса хатшы дайындайды.

Оңғарбаева С- Алаш Мырқалович 3 сұраққа байланысты сөз аламын дейді.

Тұрлыбек А- құрметті ҚКМ, менде ұсыныс бар. Бауыржан Ғаббастың ұлы осы уақытқа дейін төрағаның міндетін атқарып келеді. Өзін білікті, сауатты азамат екенін дәлелдеді. Сондықтан Ұлытау облысы қоғамдық кеңесінің төрағасына төрағаның міндетін атқаруға дауысқа салайық.

1. Кім қолдайды-12

2. Кім қарсы – жоқ

3. Кім қалыс қалған- жоқ

Дауысқа салу нәтижесінде – Бегенов Б бір ауыздан Ұлытау облысының қоғамдық кеңестің төрағасы болып сайланды.

Бегенов Б- Әріптестер! Сенімдеріңізге рахмет, бар күш жігерімді саламын.

Өңірдің өсіп -өркендеуіне бірігіп жұмыс жасайық.

Алда біраз жұмыс бар. Оның бастапқысы 2023 жылға жоспар жасау. Соған ат салысыңыздар. Келесі кездескенше.

Қоғамдық кеңестің төрағасының



Б.Ж.Бегенов

Қоғамдық кеңестің хатшысы

С.К. Оңғарбаева

ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІ ОТЫРЫСЫНЫҢ ЖҮРУ ТӘРТІБІ

Төрағалық етуші – Бегенов Б. Ж.:

Құрметті әріптестер, сәлеметсіздер ме. Кезекті отырысымызды бастайық. Бүгінгі жиынымыз оффлайн және алыста тұратындарға онлайн режимде өтуде. Айтып өтейін, келесі жиындардың барлығын оффлайн түрде өткіземіз. Хатшы алдын ала айтып отырғанның өзінде келем немесе келмеймін деген хабарды кеш ескертесіздер. Біз қоғамдық кеңестің жұмысын барынша жандандыруымыз қажет.

Күн тәртібінде 3 сұрақ:

1. Қоғамдық Кеңесте былтыр жоспарланған басқарма басшыларын тыңдау.

1.1- Азамат Қайырбекұлы Шаймерден – мемлекеттік сатып алу басқармасы басшысының орынбасары.

1.2- Ставицкая Виктория Александровна- экономика басқармасының басшысы.

Сөз кезегі сізде Азамат Қайырбекұлы.

/ Рахмет Азамат мырза. Әріптестер сұрақтарыңыз бар ма?/

Азамат Қайырбекұлы, біз сіздің телефоныңызды қоғамдық кеңес мүшелеріне берейік, әрдайым байланыста болу үшін. Қош сау болыңыз.

Виктория Александровна, Вам следующее слово.

/ Рахмет Виктория ханым. Әріптестер сұрақтарыңыз бар ма?/

Виктория Александровна, Ваш телефон для обратной связи мы передадим членам общественного совета. Думаю вы возражать не будете. До свидания.

Әріптестер ! Екінші сұраққа көшейік. Әр мекемелерден келген құжаттарға қорытынды беру. Алып қосарларыңыз бар ма, жоқ па? Жоқ болса хатшы қорытынды жасай беріңіз.

Онгарбаева-үшінші сұрақ бойынша
сөз кезегін Алаш Мырқалұлына берейік.

Алаш Тұрлыбек: Құрметті қоғамдық кеңес мүшелері. Менде ұсыныс бар. Осы уақытқа дейін- Бауыржан Бегенов төрағаны қызметін міндетін атқарып келді. Өз жұмысын жақсы бастады. Жігерлі,білімді азамат. Қоғамдық кеңестің жұмысын жандандырады деп сенемін. Төраға ретінде нақтылау керек . Осы сұрақты талқыға салайық. Кім қолдайды. Кім қарсы,қалыс қалғандар бар ма?

Бегенов: Құрметті әріптестер. Сенімдеріңізге рахмет. Бірігіп жұмыс атқарайық.

Осымен бүгінгі жиналысты аяқтаймыз. Сау болыңыздар.